


РАСШИРЕНИЕ СОТРУДНИЧЕСТВА В ОБЛАСТИ ТРАНСПОРТА И ЛОГИСТИКИ ИГРАЕТ КЛЮЧЕВУЮ РОЛЬ В ИНТЕНСИФИКАЦИИ ПАРТНЕРСКИХ ОТНОШЕНИЙ МЕЖДУ ПАКИСТАНОМ И КАЗАХСТАНОМ. ПОРТЫ ПАКИСТАНА – ГВАДАР, КАРАЧИ, КАСИМ – ПРЕДСТАВЛЯЮТ БОЛЬШОЙ ИНТЕРЕС ДЛЯ НАС КАК ДЛЯ ПРОДВИЖЕНИЯ ЭКСПОРТА КАЗАХСТАНСКОЙ ПРОДУКЦИИ НА РЫНКИ ПАКИСТАНА И ЮЖНОЙ АЗИИ, ТАК И ПОВЫШЕНИЯ ПРИВЛЕКАТЕЛЬНОСТИ ТРАНЗИТНОГО ПОТЕНЦИАЛА НАШИХ СТРАН ДЛЯ ВЫХОДА НА ЭКСПОРТНЫЕ РЫНКИ ЮЖНОЙ АЗИИ.

Серик Жумангарин,
заместитель Премьер-министра – министр торговли и интеграции Казахстана



№56 (2873)
18/07/2023

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



ПОТОК ТОВАРОВ РАСТЕТ

По данным аналитиков, через сухопутный порт Хоргос с начала года отправили более четырех тысяч грузовых поездов по маршруту Китай – Европа. Так, Китай наращивает поставки товаров в Центральную Азию и Европу.

Жаныбек КЕНЕС
Астана

Товары повседневной необходимости, электромеханическое оборудование, электроника, сельскохозяйственные продукты. Поток товаров через железнодорожный пункт пропуска Хоргос на границе Казахстана и Китая неуклонно растет.

Как рассказал руководитель филиала логистической компании Xinjiang Zhonglian Haitong в Хоргосе Ван Кай, за восемь лет существования их компании количество проходящих через порт поездов увеличилось с 2-3 до более чем 20 в день.

– В категориях импортных и экспортных грузов постоянно растет доля таких дорогостоящих товаров,

как электроприборы и автомобили. Экспресс Китай – Европа стал популярным международным брендом, – делится он.

За первые шесть месяцев этого года через сухопутный порт Хоргос уже отправлено более пяти миллионов тонн грузов, на 30% больше аналогичного периода прошлого года. Растет и количество новых

маршрутов. Например, несколько дней назад отправлен первый поезд Чэнсян – Хоргос – Лоз.

В этом году инициативе «Один пояс – один путь» исполняется 10 лет. Все это время объем перевозок по маршруту Китай – Европа продолжает нарастать с каждым годом. Общее число линий, проходящих через железнодорожный порт Хоргос, достигло 77. По ним товары отправляются в 18 стран и 45 городов за пределами Китая.

Только за последние семь лет транзитный объем по маршруту Китай – Европа через Казахстан вырос более чем в 60 раз. На сегодня большая часть поездов Китай – Европа курсируют транзитом через Казахстан.

Фото Александра ЖАБЧУКА

НОВЫЕ ЛОКОМОТИВЫ



Два новых локомотива отечественного производства прибыли из Астаны в Семейское отделение грузовых перевозок, в эксплуатационное локомотивное депо Семей. Во второй-третьей декадах июля планируется поступление еще трех локомотивов.

– Планируется выезд локомотивных бригад на завод в Астану для получения и доставки их к месту назначения. Они будут решать задачи в обеспечении перевозки грузов малого и крупного бизнеса региона и грузов, следующих транзитом через Семейское отделение грузовых перевозок, – информировал директор Семейского отделения грузовых перевозок Владимир Бабиченко.

Всего с 10 по 16 июля по Семейскому отделению грузовых перевозок, включая Оскеменский регион, перевезли более 14,8 тысячи пассажиров, свыше 323 тысяч тонн грузов, включая 118 тысяч тонн угля, больше 71,1 тысячи тонн цветной руды, 52,7 тысячи тонн цемента, 4,2 тысячи тонн зерна, почти 1,6 тысячи тонн металлолома.

Контейнерные перевозки составили свыше 3,6 тысячи тонн. За минувшую неделю в Оскеменском регионе проведены работы по укладке старогодних рельсовых плетей на перегоне Иртышский завод – Казиевка. При плане в два километра фактически уложили свыше 1,7 километра. Машина для обрезки кустов (МОК) в Оскеменском регионе за период с 10 по 16 июля прошла 6,7 километра. Всего она обработала территорию протяженностью почти в 68 километров. На участке Оскеменской дистанции пути работает выправочно-подбивочно-рихтовочная техника, и за минувшую неделю сделаны работы на 19 стрелочных переводах, шести съездах. Из них на станции Оскемен-1 – 17 стрелочных переводов, шесть съездов, на станции Казиевка – два стрелочных перевода.

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск



Айбек ҚАЗЫМОВ,
Қостанай жүк тасымалы бөлімшесінің директоры:

Жоба

ЕКІНШІ РОТАЦИЯ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Өткен жұма күні Ұлттық компанияда «Жас темір» дамыту бағдарламасына қатысушы жас мамандардың 2-ші ротациясын қорытындылаған кездесу өтті. Жиынға бағдарламада топ жарып, жеңімпаз атанған бес жас маман қатысты.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Астана

Компанияның Адами ресурстарды басқару департаментінің директоры Сәуле Истлеева бастаған сала мамандары бағдарламаға қатысушы жас мамандар Аян Шарапат, Мадияр Жадгер, Елдар Ахметбеков, Әйгерім Шымырбаева мен Арыстан Жұманның жұмысына қатысты өз бағаларын берді.

Бірінші болып сөз алған Әйгерім Шымырбаеваның жоғары оқу орнынан алып шыққан негізгі мамандығы – теміржол көлігіндегі маркетинг жөніндегі маман екен. Бірінші ротация бойынша ол «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС Маркетинг және сервистерді дамыту департаментінде менеджер ретінде тағалымдамадан өтсе, 2-ші ротация бойынша Жоспарларды әзірлеу және көрсеткіштерді қалыптастыру департаментінің менеджері қызметін атқарған.

– Мен аталған департаментте күнделікті пайдалану көрсеткіштерінің тәуліктік динамикасына қатысты жұмысты, күнделікті вагондардың жұмыс паркі көрсеткіштерін талдау, жылжымалы құрам пайдалану тиімділігін мониторингтеу және талдау, Documentlog, «Оперативтік штаб» мағлұмат беру, жүк турлерін тиеу, жүк айналымын, тасымалдаудан түскен табыс, Қазақстандағы ірі өндірушілермен жұмыс істеу сияқты қызметтерді атқардым. Менің ҚТЖ компаниясына қандай пайда тиді дейтін болсам, Департаментте әр қызметкерге жүктелетін жұмыс көлемін азайттым, оперативтік штабқа қажетті шұғыл ақпараттарды әзірлеуге көмектестім, Тәуліктік көрсет-



кіштердің динамикасы диаграммаларын құрастырдым, Excel программасы мүмкіндіктерін пайдалану арқылы вагон паркі көрсеткіштерін есептеуді оңтайландырдым, – дейді Әйгерім.

«Жас темір» дамыту бағдарламасының 2-ші ротациясын табысты тәмамдаған төрт жігіт те өздерінің атқарған жұмыстарын тап-тұйнақтай етіп дайындап келген слайдтары арқылы таныстырды. Елдар Ахметбеков 1-ші ротация барысында Ақмола ЖТ бөлімшесіне қарасты Қыркыңшы станциясында тауар кассирі жұмысынан бастаса, 2-ші ротация кезінде алдымен «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-де Тиеу және түсіруді ұйымдастыру департаментінің менеджері, кейін Қостанай ЖТ бөлімшесінде кірме жолдар бөлімі инженерінің көмекшісі, логистика және тасымалды ұйымдастыру менеджері қызметтерін атқарған. Аян Шарапат, Мадияр Жадгер пен Арыстан Жұман да 2-ротация барысында Компаниядағы жұмыстары мен жинаған тәжірибелері туралы егжей-тегжейлі баяндады.

Жиынды қорытындылай келе, Сауле Истлеева жас мамандарға 3-ші ротацияны табысты аяқтап, қоржындарын қажетті ілім-білім, тәжірибемен толықтырып шығуларына тілектестік білдірді.

– Биыл жыл соңында бағдарламаның жаңа нұсқасын іске қосуды жоспарлап отырмыз. Жаңа нұсқаның тұжырымдамасын әзірлеу барысында сіздердің екінші және алда өткелі отырған үшінші ротация барысында жинаған тәжірибелеріңіз, жұмыс барысында жолыққан кедергілер, қиындықтар, бағдарламада бұрын ескерілмей қалған нюанстар көрініс табуы керек. Үшінші ротация жұмысын қорытындылауда сіздер өз ұсыныстарыңызды енгізген концепция дайындап әкелесіздер. Бұл сіздердің өз дерекнамаларыңыз болады. «Міне, бізде осындай қатып қалған стандарттарды буза білетін жас мамандар бар» деп біз оларды бағдарламаға қатысушы келесі топқа таныстырып, үлгі ететін боламыз, – деді Сауле Истлеева.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

БІЗ КҮШІМІЗДІ АЙ САЙЫН ЖҮК ЖӨНЕЛТУ КӨЛЕМІН ҰЛҒАЙТУҒА ЖҰМЫЛДЫРЫП ОТЫРМЫЗ. БӨЛІМШЕ ТЕМІРЖОЛШЫЛАРЫНЫҢ КӘСІБИЛІГІ МЕН ҰЙЫМШЫЛДЫҒЫНЫҢ АРҚАСЫНДА КӨРСЕТКІШТЕРІМІЗ КӨТЕРІЛДІ. МӘСЕЛЕН, БИЫЛ МАУСЫМ АЙЫНДА ҚОСТАНАЙ Өңіріндегі СТАНЦИЯЛАР БОЙЫНША ЕКІ МИЛИОННАН АСТАМ ТОННА ӨРТУРЛІ ЖҮК ТИЕЛДІ. БІЗ АЛДАҒЫ УАҚЫТТА ДА ТУРАҚТЫ ТҮРДЕ КӨЛЕМДЕРДІ ҰЛҒАЙТУҒА БАРЫМЫЗДЫ САЛАМЫЗ

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

СВЫШЕ
124 млн тонн
ГРУЗОВ ПЕРЕВЕЗЕНО НА СЕТИ ҚТЖ ПО ИТОГАМ ПОЛУГОДИЯ

С НАЧАЛА ГОДА ПЕРЕВОЗКИ ГРУЗОВ ПО ТРАНСКАСПИЙСКОМУ МЕЖДУНАРОДНОМУ ТРАНСПОРТНОМУ МАРШРУТУ ПРЕВЫСИЛИ
1,3 млн тонн

БОЛЕЕ
400
ЛОКОМОТИВОВ ТОО «КТЖ – ГРУЗОВЫЕ ПЕРЕВОЗКИ» ПОДГОТОВЛЕНЫ К ЛЕТНИМ УСЛОВИЯМ РАБОТЫ ФИЛИАЛАМИ «ҚАМҚОР ЛОКОМОТИВ»

РЕМОНТ ИДЕТ ПО ГРАФИКУ

В Алматинском отделении магистральной сети подведены итоги работы за первое полугодие.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

С начала года в Алматинском отделении магистральной сети проведена большая работа по обеспечению безопасности движения поездов.

В регионе ударными темпами проходит капитальный ремонт пути в объеме более 55 километров. На сегодняшний день полностью выполнены работы на перегоне Каракум – Кокшалтын участка Актогай – Матай.

Стоит напомнить, что все работы по капитальному ремонту пути проходят без отклонений от графика с соблюдением

технологического процесса и всех правил безопасности. На данный момент уложено 24,390 километров (Каракум – Кокшалтын – 17,708 и Ак-Узек – Кумтобе – 6,682).

Одновременно со сменой рельсов осуществляются работы по ремонту земляного полотна, регуляционных и искусственных сооружений, увеличению толщины слоя балласта под шпалой, а также замене загрязненного балласта, смене шпал на новые железобетонные.

Такоже в регионе с привлечением техники выполнен усиленный средний ремонт в объеме 26,63 километра.

За шесть месяцев текущего года в отделении уложено 40 новых стрелочных комплексов на железобетонном

основании. Старогодние плети, снятые с участка Актогайской дистанции пути, вторично использованы на восьми кривых с интенсивным боковым износом.

– Содержание малейшего участка железнодорожных путей в бесперывной работоспособности является основной задачей. Благодаря вышеуказанным работам улучшено состояние пути и выполнение составило 119% от плана, снижено количество неисправностей второй степени, – комментирует начальник отдела пути Алматинского отделения магистральной сети Руслан Нурболат.

По его словам, предстоит еще много работы во втором полугодии. Так, для увеличения пропускной способности, экономики локомотивного парка и улучшения состояния рельсошпальной решетки на перегоне Тентек – Карабулак участка Коксу – Текели – Талдыкорган требуется усиленный средний ремонт хозяйственным способом в объеме 21 километра с последующей укладкой старогодних рельсовых плетей и повышением скоростей движения с 25 до 50 километров в час.

БІЗДІҢ КОМАНДАНЫҢ БІР БӨЛІГІ БОЛЫҢЫЗ

ТІРКЕУ
Job Railways.kz сайтына тіркеліңіз

ҮН ҚАТУ
Өзіңізді қимылдырып бас орныға үн қатыңыз

ТҮЙІНДЕМЕ СКРИНИНГІ
Компания сіздің түйіндемеліңізді бас орныға қойылатын білетілік талаптарына сәйкестігін қарастырады

ТЕСТІЛЕУ
Бағалау процедураларымен өтініз (қажет болған жағдайда)

СҰХБАТ
Кәсіби және жеке сәлеметін құрып отырыңыз! Бағалау үшін сұхбатқа шақырылады

ЖҰМЫСҚА ҚАБЫЛДАУ
Сұхбаттан сәтті өткен жағдайда сізді жұмысқа шақырады

JOB RAILWAYS.KZ ТІРКЕЛІҢІЗ

ҚОЗҒАЛЫС ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ

Нұрбек БЕКЕН,
Астана



17 шілдеге қараған түнгі сағат бірден өте Жамбыл бөлімшесіне қарасты Түрксіб – Шу учаскесінің Аспара станциясында жүк вагондары рельстен шығып кетіп, бірқатар жолаушы пойыздардың кідірісі орын алды.

Оқиға салдарын жоюға Шу және Тараз станцияларының қалпына келтіру пойыздары жұмылдырылды. Орын алған жағдайдың себептерін анықтау үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ тарапынан арнайы комиссия құрылып, жұмыс істеп жатыр. Абырой болғанда, зардап шеккендер жоқ. Жолаушылар тамақпен және ауыз сумен қамтамасыз етіліп, вагон-мейрамханалар жұмыс істеп тұрған.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ баспасөз қызметінің хабарлауынша, түске қарай телімде пойыздар қозғалысы қалпына келтіріліп, тоқтап қалған жылжымалы құрамдар сапарын жалғастырған.

АҒЫМДЫҚ КҮТІМ

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе



Ақтөбеде қазір ауа температурасы 40-50 градус аралығында. Ақтөбе жол дистанциясының жолшылары аптап ыстықта жол күтімін жасап, созылған рельстерді ауыстыру жұмыстарын жүргізіп жатыр.



Кеше Ақтөбе станциясы аумағындағы алтыншы бағдаршам тұсында аптап ыстықтан созылған рельсті ауыстыру жұмысы жүрді. Апаттық жағдай мен оқиғаның орын алуына жол бермеу үшін жолшылар уақытпен санаспай жұмыс істеуге мәжбүр.

«Күні бойы жол бойында жүреміз. Жоқ дегенде 10 шақырым жолды тексеріп шығамыз, мынадай аптап ыстықта рельс созылып, қысым пайда болып, лақтырып жіберуі мүмкін. Сынған, көтерілген, ағытылған, жарылған жерлердің жоқтығына көз жеткіземіз», – дейді Ақтөбе жол дистанциясы алтыншы айналымының бригадирі Сайран Бақбергенов.

Аптап ыстықта жүрісі көбейетін жолшылар осылай, өздеріне бекітілген аумақты күніне екі рет шолып шығады екен. Одан бөлек, жоспарға сай жазғы жол сауықтыру жұмыстары да жүріп жатыр.

Ақтөбе жол дистанциясының жетекші инженері Асхат Құрманбетовтің айтуынша, 15-21 маусым аралығында жол табанын тазарту, қалыпқа келтіру жұмыстары жасалған. Сонымен қатар, 9 жинақ ағаш бұрмалар темір бетонға ауыстырылыпты. РМ, ДУАМАТ техникаларымен 4 шақырымда жазғы жол сауықтыру жұмыстары жүргізілген. Бұл бағыттағы жұмыстар әлі де жалғасуда. Әрине, ертеңнен кешке дейін далада, ыстық күн астында жүретін жолшылар қорғаныш құралдарымен қаруланған, сақтық шараларын ұстануда.

Суретті түсірген автор

ҰЖЫМДЫҚ ШАРТ ТАЛҚЫЛАНУДА

Еділ ЕРМЕК,
Атырау



Қазіргі уақытта барлық ұжымдарда «ҚТЖ» ҰК» АҚ бойынша 2024-2026 жылдарға арналған ұжымдық шартты талқылау және ұсыныстар енгізу жөнінде жұмысшылармен кездесу өткізілуде.

Ұжымдық шарт – ұйымдағы әлеуметтік және еңбек қатынастарын реттейтін, жұмысшылар өкілдері мен жұмыс беруші арасында жасалған жазбаша келісім түріндегі құқықтық акт. «Қазкөлікөсіп» Орталық Кеңесінің Атырау аймағы бойынша өкілі Боранбай Қамиевтің айтуынша, бүгінгі таңда Атырау аймағындағы ұжымдармен кездесу өтіп, теміржолшылардың ұсыныстары мен талап-тілектері жиналуда екен. Атап айтқанда, жұмысшылар мен олардың отбасына, зейнеткерлерге демалуға, емделуге белгілі бір мөлшерде материалдық көмек беру, интернатта жатып оқитын балаларды тасымалдау үшін төленетін ақшадан тыс ретпен артық, теміржолшыларға жылына бір рет пойызда тегін жүру тәртібін өзгерту, станция-разъездерде жұмысшыларды ауыз сумен қамту, көпбалалы отбасыларға, жалғыз басты аналарға көмек т.б. көптеген ұсыныстар бар. Кәсіподақ төрағасының айтуынша, алдағы үш жылға арналған ұжымдық шарт жасақталғанда осы ұсыныстар ескерілетін болады.

ЖҮЗ ШАҚЫРЫМ ЖОЛ ЖАҒАРАДЫ



Қозғалыс қауіпсіздігі мен станциялардың өткізу қабілетін, пойыздар жүрісінің жылдамдығын арттыру үшін жол сапалы болуы шарт. Ал өңірде жаңартатын жолдар баршылық. Биылғы жылға арналған жоспар бойынша аймақта 99,97 шақырым жол күрделі жөндеуден өтетін болып бекітіліп, қазіргі уақытта оның 69,9 шақырымы салынып бітті.

Қосұым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Соның ішінде Құлсары жол дистанциясы бойынша Қоркөл-Рзд-464 аралығында белгіленген 31,5 шақырым жол түгелдей бітіп, пайдалануға берілді. Құлсары жол дистанциясының бастығы Рақымжан Көрпебаевтың айтуынша, жол жөндеу жұмысында адам ресурстарына мейлінше аз салмақ түсіріп, басты басымдылық техникамен сапалы жұмыс жасауға берілуде. Ауыр жүктерді көтеріп-түсіруге (темір бетонды бұрмаларды, бағаналарды, шпалдарды, ауыр техникалардың қосалқы бөлшектерін) КЖ-562 маркалы краны пайдаланылды. Жейсмар фирмасының қол еңбегін жеңілдететін механикаландырылған рельстескіш,



рельстескіш құралдары да бар. Күрделі жөндеу жұмыстары кезінде ДУАМАТ, Унимат, ДГС, ПБР, ВПРС машиналарының да көмегі көп.

Сонымен қатар, Атырау жол дистанциясы бойынша Исатай станциясы мен 11 разъезд аралығындағы 29,5 шақырым жол да бүгінгі күні толықтай салынып бітті. Атырау магистральдық

желі бөлімшесі бастығының міндетін атқарушы Амангелді Рахмеденовтың мәліметінше, күрделі жөндеу жұмыстары барысында ескі жолдар түгел алынып, орнына су жаңа темір технологиялық талаптар сақталып салынып жатыр. Бұрынғы рельстердің ұзындығы 25 метрлік болып бунақталып салына-

тын болса, қазіргі уақытта түйіспесіз жолдар төселуде. Бұл дегеніміз болтқа, қапсырмаға деген шығынды да азайтады.

– Жол сапасы жақсаруының нәтижесінде жолаушылар пойызының жылдамдығы 60км/сағ-120км/сағатқа, жүк тасымалы пойызының жылдамдығы 50км/сағат-100км/сағатқа көтеруге ықпал етеді. Күрделі жөндеуден өткен жолдарда енді жолаушы пойыздарына 120 км/сағ, Тальгоға 140 км/сағ, ал жүк пойыздарына 100 км/сағ дейін жылдамдыққа рұқсат етіледі, – дейді Амангелді Рахмеденов.

Күрделі жөндеу жұмыстары барысында «Integra Construction KZ» ЖШС мердігер мекеме тәулігіне 6 сағаттық толаскез алып, жұмысты жоспарлы уақытта бітіруді көздеп отыр.

Суретті түсірген автор

КІРМЕ ЖОЛДАР КІЛТИПАНЫ



Бүгінгі таңда Семей ЖТ бөлімшесінде жазғы көмір тасымалы қалыпты жүріп жатыр. Алдағы тамыз-қыркүйек айларында қатты отын жеткізу ісі жылдағыдай дәстүрге сай күрт қарқын алатыны белгілі. Осыған орай жуырда бөлімше басшылығы аймақтағы көмір тұйықтарына тексеру жүргізіп, алдағы уақытта атқарылуы тиіс жұмыстарды айқындады.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Әрине, бес саусақ бірдей емес, тексеру барысында көңіл көншітпейтін жайттар да кездесі. Мысалы, жекеменшіктің қолындағы кейбір тұйық желілер жазғы кезеңдегі ағымдық жөндеуден өткізілмеген. Халыққа көмір таратушы серіктестік иелерімен келісімге келе алмай отырғандары да бар. Мұның барлығы түптеп келгенде қысқы мезгілде теміржолшылар жұмысына кедергі келтіруі ықтимал. Себебі, мұндай жерлерде вагондардың жолдан шығып кету оқиғалары жиі тіркеледі. Әсіресе, Өскемен өңіріне қарасты Глубокое ауданындағы кірме жолдардың жағдайы сын көтермейді. Қазіргі таңда сол аймақты жылумен қамтамасыз ететін «Теплоэнергия» МКК-мен бөлімше басшылығы жан-жақты жұмыс жүргізіп жатыр.

Сол тәрізді өткен жылу беру маусымында апат орын алған Риддер қаласындағы жағдай да біршама назар аудартып отыр. Мамыр айынан бастап шаһарға көмір тиелмеген. Ондағы жылу орталығы күрделі жөндеуден



өткен соң ғана, яғни, алдағы тамыз айында алғашқы вагондарды жөнелту көзделуде. Жуырда Риддерге еліміздің энергетика министрі Алмасадам Сәтқалиев арнайы келді. Министр өткізген келелі жиынға бөлімше басшылығы да қатысып қайтты.

Әйтсе де, жалпы көрсеткіш жаман емес. Кейбір ірі көмір тұйықтарының даярлығы өте жоғары. «Сейком» ЖШС қазірдің өзінде үзіліссіз әрі мол көлемде қатты отын қабылдауға толықтай дайын. Бір мезетте сыйымдылығы 5 мың тонна көмірді қабылдай алады. Мұнаралы крандары да даяр

тұр. Бір ерекшелігі олар жекенің қолындағы кірме жолдағы бағыттамалы бұрманы өз күштерімен ауыстырып алыпты. Сол тәрізді жергілікті атқарушы биліктің көмегімен халыққа әлеуметтік көмір таратуға да әзір отыр. Бұл ретте ұлттық компаниямен тығыз жұмысты жалғастырмақ.

Халыққа көмір таратушы шағын жеке кәсіпкерлер де даярлықтарын пысықтап жатыр. Белағаш станциясындағы «Маргыш-кин» ЖК-не бөлімше басшысы Владимир Бабиченко өзі барып, танысып шықты. Онда қысқа әзірлік қазіргі күннен басталып, көмір жеткізіліп жатыр.

Сол тәрізді бөлімше басшылығы Өскемен қаласындағы жылу орталықтарында да болып, қалыптасқан ахуалмен танысып шықты. Теміржолшылар үшін басты міндет кілтипаны көп кірме жолдардағы қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етумен қатар вагон айналымын реттеу болып отыр. Бұл орайда ұлттық компания бойынша арнайы аудит жүргізіліп жатқаны белгілі. Семей ЖТ бөлімшесі бойынша нәтиже алдағы күндері мәлім болады деп күтіледі. Оған сәйкес арнайы шаралар қолға алынбақ.

Ал, қазіргі таңда теміржолшылар қауымы жылу орталықтары басшылары және әкімдіктермен бірлесіп, қысқа даярлық жұмыстарын пысықтауда. Мәселен, бүгінгі күндері Шығыс Қазақстан облысындағы көмір тұйықтарында жалпы көлемі 4 965 тонна көмір бар екен. Ал, аймақтың қыс мезгіліндегі қажеттілігі 447,5 мың тоннаны құрайды. Әлеуметтік көмірдің бағасы 13 500 теңге.

Жалпы, Дегелең станциясындағы көмір тиеу жұмыстары салыстырмалы түрде алғанда қалыпты деңгейде жүріп жатыр. Өткен аптада 129 965 тонна қатты отын тиеліп, жөнелтілген. Маусым айымен салыстырғанда біршама өсім бар. Алдағы уақыттарда тапсырыс берушілер саны арта түспек, соған орай көмір тиеу мен жөнелту ісі ширатыла бермек.

Суретті түсірген автор

ҚАЗАЛЫ – КӘСІБИ МАМАНДАР МЕКТЕБІ



Қызылорда темір жолының солтүстіктегі бекеттерінің бірі Қазалы станциясы әлеуеті жоғары, өндірістік жұмыс көрсеткіштерін үнемі асыра орындайтын станция. Мысалы, мамыр айындағы көрсеткіштері 102,8-285,1 пайыз аралығын құраған.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қазалы

Қазалы станциясы бастығының орынбасары Руслан Мақашев тек мамыр айы емес, жылдың алғашқы тоқсанына жоспарланған жұмыстардың нәтижелі атқарылғанын айтты. Қазалымен қоса айналадағы шағын бір-екі бекеттердегі жұмыс құжаттарын да рәсімдеп отыратын станциялықтар қашанда қарбалас үстінде. Тәжірибелі станция кезекшілері Өмірбай Қарабеков, Бақытбек Қараев пен операторлар Асылзат Каденова және Галия Қадырова станцияға келіп-кетіп жатқан пойыздардың кестеге сай қозғалысын реттеумен қатар Қамыстыбас пен Майлыбас бекеттеріндегі қозғалысқа да жауапты.

– Жыл басынан бері станцияға бекітілген өндірістік жұмыстар жоспары

орындалмай қалған жоқ. Мысалы, 1500 вагонға жоспарланған жүк түсіру межесі іс жүзінде 1681 вагонға жетіп, жоспар 112,0 пайызға, 12,32 вагон/сағатқа есептелген құжат рәсімдеу кезіндегі вагонның бос тұруы 10,48 ваг/сағатқа жеткізіліп, жеке 117,5 пайызға орындалып отыр. Станция теміржолшылары өз кәсіптерін жете меңгерген тәжірибелі мамандар. Жалпы бекеттегі барлық жұмыстар жоспарлы ұйымдастырылып, тиімді атқарылуы – біздің табыс кілтіміз. Жастарды тәрбиелеуде де қалыптасқан үрдісіміз бар. Өз кәсіптерінің беспап мамандары Өмірбай, Асылзат пен Бақытбек бүгінде жас станция кезекшісі Азамат Дәрібаев пен жанындағы оператор Ұлбосын Жүсіпованы кәсіпке баулып,

білмегенін үйретіп жатыр. Жалпы, біздің Қазалы – кәсіби мамандар мектебі десек болады, жан жақтағы ірілі-ұсақты станцияларда еңбек етіп жүрген мамандарымыз жетеді, – деді станция бастығының орынбасары Руслан Мақашев.

Станцияға келіп тоқтаған пойыздардан қажетті вагондарды ажырату, құрамға қосу жұмыстарын шебер атқарып жүрген пойыз құрастырушылар Нұрғазы Өтекеш пен Мейрамбек Құлмуратовтың жұмысы да сүйсіндірмей қоймайды. Станция бастығының орынбасары олар атқарған жұмыстарын шашау шығармай орындайтын ең сенімді пойыз құрастырушылар екенін мақтанышпен жеткізді.

Суретті түсірген автор



Социум

СТАТЬ ЧАСТЬЮ КОМАНДЫ ҚТЖ

В последнее время со стороны мировой общественности к транспортно-логистическому потенциалу Казахстана привлечено повышенное внимание. И статус работников этой сферы становится все привлекательнее.

Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

В этой системообразующей компании трудятся более 113 тысяч человек. Последние несколько лет в ҚТЖ активно внедряется конкурсный отбор персонала. Благодаря этому у любого специалиста есть возможность найти свое место в команде работников стальной магистрали. Для оперативного укомплектования штата с 2022 года в компании внедрена централизованная автоматизированная система поиска и подбора, где все вакансии публикуются на портале job.railways.kz.

ПРОСТО И ПРОЗРАЧНО

До настоящего времени заявки от каждого подразделения группы компаний ҚТЖ отправлялись по электронной почте, и рекрутер в рабочем режиме обрабатывал их. Теперь же все заявки отправляются в ИТ-систему рекрутинга, в ней же заявка публикуется, интегрируется с job-порталами: Elnbek.kz и Qsamruk.kz, там же кандидаты проходят оценочные процедуры. То есть весь процесс поиска и подбора персонала «зашит» в одну систему на сайте job.railways.kz.

В течение 2021 года была проделана кропотливая работа – пошагово пересмотрен весь путь рекрутинга: от получения заявки на подбор до выхода соискателя на работу. Мы определили самые узкие места в процессе, поняли, где нужно усилить работу. И автоматизированная система рекрутинга – современное решение, которое позволяет оптимизировать рутинные процессы поиска и подбора персонала в компании, помогает увеличить эффективность работы HR-отдела и сократить время на подбор персонала, – отметила директор департамента управления человеческими ресурсами АО «НК «ҚТЖ» Сауле Истлеева.

Проект приносит отличные результаты, благодаря ему удается оперативно

закрывать вакансии. В среднем на одну вакантную должность откликается порядка 15 кандидатов.

В результате автоматизации процесса сократились сроки закрытия вакансий, все этапы трудоустройства стали прозрачными и видимыми для заказчиков вакансий и для руководства. Появилась отчетность, и главным – появилась ответственность на каждом этапе работы с соискателями, и эта ответственность распределена между каждым участником: рекрутером, заказчиком (руководителем подразделения) и соискателем, от которых зависит скорость укомплектования вакансии в многоуровневой и многопрофильной национальной компании. При этом приоритетным остается укомплектование вакансий внутренними кандидатами при равных возможностях с внешними кандидатами.

УДОБНО И ЭФФЕКТИВНО

ИТ-система рекрутинга job.railways.kz предлагает удобство и эффективность при работе с кадровыми службами и кандидатами. Одной из важных составляющих этой системы является раздел помощи, который предоставляет пользователю доступ к развернутым ответам на наиболее часто задаваемые вопросы в формате текстовых ответов, полезных памяток и видеороликов, которые обеспечивают дополнительную поддержку и помощь пользователям.

Важно, что платформа job.railways.kz имеет единый доступ ко всем вакансиям на административные и производственные должности группы компаний. На сегодня размещено более 1 000 вакансий на job.railways.kz. Зарегистрировано более 44 000 соискателей. Больше половины соискателей – молодежь в возрасте до 30 лет.

– Набольшая потребность у нас на сегодня присутствует в производствен-



ном персонале, массовых профессиях – монтерах пути, помощниках машинистов, осмотрщиках-ремонтниках вагонов и др. За текущий год закрыто более 6,5 тысячи вакансий, – рассказала HR-бизнес-партнер департамента управления человеческими ресурсами АО «НК «ҚТЖ» Динара Сарсембаева.

HR-специалисты компании очень радуют, когда приходит обратная связь от кандидатов. К примеру, Адилет Файзулла рассказал, что работал начальником станции Айнабулак ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» – «Алматынское отделение ПП» (г. Алматы). Благодаря платформе по средству прохождения всех этапов конкурсного отбора он перевелся на должность менеджера функционального направления по организации технологических процессов вокзалов департамента вокзального хозяйства филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция магистральной сети» (г. Астана).

Айболат Танкеев трудился инспектором по трудовым отношениям ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ПП» (г. Караганда), благодаря платформе после прохожде-

торые должны управлять большим объемом информации и заявок, – отметила Динара Сарсембаева.

ПОВЫШЕНИЕ ИМИДЖА РАБОТОДАТЕЛЯ

Кроме того, использование платформы помогло улучшить качество подбора, так как система анализирует большой объем данных, выделяет кандидатов с необходимыми навыками и опытом. В целом время показывает, что интеграция современных HR-технологий, таких как платформы по поиску и подбору персонала, могут повысить эффективность и качество работы HR-отдела, а также ускорить процесс найма новых сотрудников.

– Вместе с тем благодаря Центру рекрутинга компании, который постоянно работает над улучшением платформы и принимает во внимание предложения от руководителей подразделений, я верю в то, что в ближайшее время наша платформа станет лидером среди сайтов по поиску и подбору персонала и охватит наибольшее количество кандидатов, – считает Сауле Истлеева.

Автоматизированная система рекрутинга job.railways.kz не только обеспечивает эффективность и удобство в процессе поиска и подбора персонала, но также способствует повышению бренда работодателя. Благодаря тому, что вакансии компании по всей стране собраны и доступны в единой системе, обеспечивается прозрачность и доступность информации о вакансиях. Потенциальные кандидаты имеют возможность ознакомиться с предложениями работы, а также получить подробную информацию о компании, ее ценностях, корпоративной культуре и преимуществах работы.

Таким образом, от внедрения платформы остались в выигрыше все – и те, кто хочет стать частью коллектива железнодорожников, и сама компания. Фото

Александра ЖАБЧУКА

ПРОБЛЕМНЫЙ ВОПРОС



АКТУАЛЬНО

Вопрос пребывания домашнего скота вблизи железнодорожного полотна в Карагандинской области относится к разряду проблемных. Не так давно жители населенных пунктов обратились к руководству НЖС с вопросом о том, когда ими будут ограждены наиболее уязвимые участки на перегонах?

Светлана МОГАЙ,
Караганда

«Каждую неделю мы сталкиваемся со случаями наезда на домашний скот по всему региону. Вы лишаете нас последней коровы или лошади и без сожаления подаете на нас в суд, требуя компенсацию за ущерб. Мы согласны с тем, что должны следить за своим скотом, так как это в наших интересах. Однако, по различным объективным причинам, не всегда удается это делать. Если вы обращаетесь в суд, то соблюдайте и сами свои правила. Согласно нормам технической эксплуатации железнодорожного транспорта и приказа министра по инвестициям и развитию РК, для обеспечения безопасности движения поездов на железнодорожных путях должны быть установлены ограждающие устройства на станциях, близких



к населенным пунктам и местам выпаса скота. На сегодняшний день всего лишь около 5% из них имеют ограждения», – говорится в обращении.

Данную ситуацию прокомментировал заместитель директора Карагандинского отделения магистральной сети Серик Айкинбеков:

– К сожалению, этот проблемный вопрос возникает не

только в нашем регионе, но и в масштабе всего государства. Здесь можно рассмотреть следующие моменты: сегодня магистральная сеть имеет большую протяженность и скромное финансирование. Нами сделан акцент в части выпаса скота, утвержденный Министерством сельского хозяйства, где говорится следующее: выпас скота категорически запрещен в

зоне повышенной опасности, а именно железнодорожной отрасли, железной и автомобильных дорог, водоохранной зоны, плюс к этому, согласно КоАП 559 по административным правонарушениям, также есть пункты на законодательном уровне, где запрещается выпас скота вблизи железнодорожных путей. Требования о наличии ограждения появились в 2015 году. Согласно утвержденному бюджету, мы ежегодно строим примерно по 40-50 километров скотоизгородей. За 12 месяцев оградить все участки железнодорожного полотна области мы не можем. В первую очередь нами осуществляется строительство ограждений там, где наблюдается массовое пребывание безнадзорного скота.

Так в текущем году, согласно «дорожной карте», запланировано строительство скотоизгородей на перегонах: Тегизжол – Углеродная – два километра, Шокай – Мырза – три, Жарык – Нилды – 8, 9, Кокдомбак – Балхаш-1 – 10, Акжайдак – Ащизек – пять, Туйемойнак – Теректы – семь, Теректы – Разъезд 60. Итого около 50 километров.

Ремонтные работы будут осуществляться предприятиями Карагандинского отделения магистральной сети – ПЧ-24, ПЧ-26, ПЧ-27, ПЧ-28.

Фото автора

ТРАЕКТОРИЯ ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ ВЫСТРОЕНА

Айлин БАУРЖАН,
Астана



СОВЕЩАНИЕ

Министерством индустрии и инфраструктурного развития РК совместно с Секретариатом СВМДА в онлайн-формате была организована встреча экспертов по развитию транзитно-транспортного потенциала стран СВМДА.

Целью встречи, собравшей специалистов из 15 государств – членов Совещания, стал обмен опытом и идеями по развитию транзитных коридоров и транспортной логистики в Азии.

В ходе онлайн-встречи с приветственным словом выступили заместитель Генерального секретаря СВМДА госпожа Чи Фан и директор департамента транспортной политики и инфраструктуры МИИР РК Сапар Бектасов.

– Казахстан совместно с Секретариатом работает над концепцией Совета по устойчивой взаимосвязанности, учреждение которого было инициировано Президентом Казахстана Касым-Жомартом Токаевым в ходе шестого Саммита СВМДА в октябре 2022 года, – отметила госпожа Чи Фан.


Обсуждены такие темы, как улучшение транспортной инфраструктуры, совершенствование грузоперевозок и упрощение процедур таможенного контроля. Участники также подняли вопросы повышения эффективности транзитных маршрутов, включая развитие мультимодальных транспортных систем и усиление логистической интеграции между государствами – членами СВМДА.

Отметим, что Казахстан проводит активную работу по углублению сотрудничества в транспортно-логистической сфере, созданию новых и раскрытию потенциала существующих мультимодальных транспортных коридоров, логистических центров, работа которых направлена на обеспечение устойчивого экономического развития и укрепление взаимосвязанности государств-членов.

По итогам встречи Секретариат СВМДА призвал провести активные обсуждения по согласованию Совета СВМДА по устойчивой взаимосвязанности и дальнейшего его подписания.

СТРАТЕГИЧЕСКИЙ КОРИДОР

Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,
Астана



СОТРУДИЧЕСТВО

В Греции презентовали Транскаспийский международный транспортный маршрут.

Посол Казахстана в Греции Ерлан Баударбек-Кожатаев презентовал потенциал Транскаспийского международного транспортного маршрута в ходе круглого стола для представителей деловых кругов стран Балканского и Черноморского регионов.

В частности, представлена перспектива развития Транскаспийского международного транспортного маршрута (ТМТМ), в том числе инфраструктурные проекты, требующие инвестиций, а также обсуждена динамика изменений традиционных маршрутов и цепочек поставок в Евразии, включая возможности взаимосвязанности ТМТМ и Трансевропейской транспортной сети.

Председатель Исполнительного комитета Балканского и Черноморского форума Гианис Балакакис выразил заинтересованность греческих компаний в участии в ТМТМ, подчеркнув, что результаты исследования Европейского банка развития и реконструкции по установлению устойчивых транспортных связей между Европой и Центральной Азией показывают хорошие перспективы развития сотрудничества в сфере транспорта и логистики между Казахстаном и Грецией.

ПОКАЗАТЕЛИ СТАБИЛЬНОСТИ

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



ПЕРЕВОЗКИ

За шесть месяцев текущего года в Костанайском отделении грузоперевозок смогли выполнить ряд эксплуатационных показателей.



Как сообщил заместитель директора филиала ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ПП» Ильяс Исмаилов, анализ показал, что по итогам полугодия выполнены к плану и улучшены к уровню прошлого года показатели использования вагонного парка и парка локомотивов.

В частности, выгрузка вагонов выполнена к плану на 135,9, а в сравнении с аналогичным периодом прошлого года улучшена на 89,6 процента. Порожний пробег вагонов выполнен к плану на 101 процент, по сравнению с аналогичным периодом прошлого года улучшен до 106,1. Наконец, статическая нагрузка вагонов выполнена к плану на 101,2 процента.

Фото автора

№56 (2873) 18/07/2023

ТЫСЯЧИ КИЛОМЕТРОВ ПО РОДНОЙ СТРАНЕ

На днях юные путешественники – участники второго тура вернулись довольные и отдохнувшие в Астану. В целом за два тура два потока счастливых детей проехали более 9 600 километров познавательного пути.



В этот раз 200 школьников проехали по таким знакомым местам, как Байконур, Туркестан, Алматы, Алаколь и Астана.

Напомним, первый тур детского поезда «Туған елге саяхат» за 10 дней провез ребят также по красивейшим, историческим местам родного Казахстана – Астана, Байконур, Туркестан, Алматы, Бурабай. При этом среди юных пассажиров победители творческого конкурса «Хочу развивать свой регион» и дети работников производственных предприятий группы компаний АО «Самрук-Қазына».

– Мы так здорово провели время – как в дороге, так и во всех городах, это было феерично! В пути каждый день учились чему-то новому в кружках, играли в игры с вожаками, учили английский язык, играли на домбре и много чего еще. А в городах нас ждали экскурсии и развлечения! Это лучшие каникулы в моей жизни! – поделился впечатлениями после поездки участник второго этапа «Туған елге саяхат» из Шымкента Оразхан Муратбек.

Финальный этап запланирован на 19-30 июля по маршруту Астана – Алматы – Туркестан – Байконур – Актау – Астана. Таким образом, за это лето 600 детей в возрасте 10-15 лет ближе познакомятся с родной страной и обретут новых друзей, а также много полезных знаний и навыков.

Асель ШАЙХЫНОВА, Астана
Фото автора

ЖАЗ ЖАЙНАТЫП, КҮН КҮЛДІРІП...

Балалық шақтың бақытты сәттері бала санасынан ешқашанда кетпейді. Қазақстан темір жолы осы тұрғыда қанша мың балаға бақытты сәт сыйлауда. Жыл сайын жүздеген теміржолшылардың балалары лагерде демалып, жазғы каникулдарын қызықты өткізеді.

Биылғы жылы «Жүк тасымалы» ЖШС Шымкент филиалы үш маусымда 172 баланың демалысын ұйымдастыруды жоспарлап отыр. Ақмола облысының Зеренді демалыс аймағына 20 баланы, Түлкібас ауданындағы Машат шатқалына 120 баланы, Жамбыл облысындағы Таусамалы шатқалына 32 баланы аттандырып, әр маусымға бөліп

жіберуде. Тамыз айында Алматы облысына да 47 баланы жіберу жоспарлануда.

Шымкент филиалы кадр бөлімінің бастығы Серік Тілеуімбетов балалардың жол сапары, жейтін тамағы мен қауіпсіздігі толық бақылауға алынғанын айтады.

Сабира БАЙЗАХОВА,
Шымкент

Түркістан облысындағы «Машат» сауықтыру лагерінде дем алып жатқан қызылордалық теміржолшылардың балалары әр күндерін қызықты өткізіп жатыр.

Қызылорда магистральдық желі бөлімшесіне қарайтын сала мекемелерінен келген 90 баланың дені көпбалалы отбасынан шыққан. Сонымен қатар пәнаралық, халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздарына да лагерге жолдама алу мүмкіндігі жоғары. Балалардың отбасы, әлеуметтік санаты, оқу үлгерімі, тәртібі секілді критерийлер кәсіподақ ұйымы мен кадр бөлімі мамандары тарапынан жолдама бөлгенде міндетті түрде ескеріледі екен.

– Қай жерде, қай мезгілде болмасын балалардың қауіпсіздігі алғашқы орында. Бүлдіршіндерді пойызбен «Машат» сауықтыру лагеріне аман-есен жеткіздік. Жол бойы



балалардың денсаулығы, дұрыс демалып, тамақтануы медбикелер бақылауында болды. Бүгінде олардың демалысы өте көңілді өтіп жатыр, қайтуға асығар емес, көпшілігі қызықты каникул күндерінің ұзара түскенін қалайды, – деді дистанцияның кәсіподақ ұйымының төрағасы Дастан Әбішев.

Айтуынша, алдағы күндері келесі топ еліміздегі басқа балалар лагеріне аттанатын болады. Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ, Қызылорда
Суретті түсірген автор

Қайырымдылық

МАТЕРИАЛДЫҚ КӨМЕК БЕРДІ

Өмірде не болмайды, апат аяқ астынан. Осыдан біршама уақыт бұрын Семей ЖТ бөлімшесіне қарасты техникалық қызмет көрсету пунктінде вагон қараушысы Ғ. есімді азаматтың жеке сектордағы тұрғын үйі өртеніп кеткен болатын.

Теміржолшының отбасы, анасы, зайыбы және үш баласымен бір күнде баспанасыз қалды. Дүние-мүлкі түгел отқа оранып, жер үй тұруға мүлдем жарамсыз болып қалды. Сонымен бірге, 3-ші топтағы мүгедек ұлының ем-домы мен денсаулығының күтімі де қиындық туырды.

Осыған байланысты «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-нің әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді қарайтын арнайы комиссиясы семейлік вагон қараушыға көмек беру бойынша жиналған материалдарды зерделей отырып, өтініш берушіге 200 АЕК, яғни, 690 000 теңге көлемінде материалдық көмек беру туралы шешім қабылдады. Бүгінгі күнде өтініш беруші бөлінген қаражатты толық алды.

Тек басшылық тарап қана емес, қызметтес-әріптестері де дер кезінде көмекке келді. Олар да қал-қадірінше қаражат жинап берді. Қазіргі таңда вагон қараушы түскен қаржыға жанадан үй салуда. Құын сәтте қол ұшын созған барша жанашыр жандарға алғысын білдіреді.

Абай ЕРТІС, Семей

Спорт

БӘРІ ДЕ ЖЕҢІМПАЗ

Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінде қол күресі, кіші теннис және дәлдікті көздеу-дартс ойыны түрлерінен өткен спорттық сайыс алдағы теміржолшылардың кәсіби мерекесіне арналды.

Бес команда қатысқан жарысты бөлімшенің кәсіподақ ұйымы ұйымдастырып, демеушілік жасады. Бір мезетте бірнеше спорт түрінен өткізілген жарыс командалардың спорттың барлық түріне шеберлігін де сыныға салған шара болды. Өйткені, ойыншылар арасында бірінен екіншісіне оңай ауысып, қос-қос жүзде алып жатқандар қатары аз болмады. Бірі ойындар кәсіби дәрежеде алып жүрсе, енді бірі осалдық танытып жатты. Жарыс болған соң жеңіс пен жеңіліс қатар жүретіні мәлім, дегенмен жеңіске ұмтылған командалар тартысты да шиеленісті ойын көрсетті.

Жалпы жарыс магистральдық

желі бөлімшесі бойынша өткізілгендіктен кей жарыстарда ұпай командалық есеппен саналып нәтижеленуде, ал кей түрінен жеке кейін сын жасалды. Кіші теннистен жеке кейін сында «НЖС» командасынан Бауыржан Төлегенов 1-орын, «Норпож» құрамасының өрт сөндірушісі Дулыға Ахметов 2 орын иемденіп жүзде алды. Ал жарыс соңында барлық құрамалар арасында асығы алшысынан түскен Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің жеке құрамы «НЖС» жүздеді 1-орын алды. Өрт сөндіру пойызының «Норпож» құрамасы 2-орынды иемденсе, жүздеді 3-орынды құрылыс және жөндеу

бригадасының «РСБ» командасы қанағат тұтты.

Әріптестеріне қолдау білдіріп келген бөлімше директоры Ибрагим Басықараев баршаны алдағы кәсіби мерекемен құттықтап, салауатты өмір салтын ұстанып, ұжымды ұйытуға септік ететін спорттық ойындарда бәрі де жеңімпаз деп жариялады. Ажар Ерманова басқаратын кәсіподақ ұйымының белсенділері спорттық шараның ойдағыдай өтуіне бар жағдайды жасап, жүлдегерлерді бағалы сыйлықпен, кубок, дипломмен марапаттады.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда
Суретті түсірген автор



ФУТБОЛ БЕЗ КОМПРОМИССОВ

В Экибастузе завершился турнир по мини-футболу. В борьбу за главный трофей вступили шесть команд, представляющих Экибастузскую дистанцию пути, дистанцию сигнализации и связи, станцию Экибастуз, Эксплуатационное локомотивное депо и две команды с Эксплуатационного вагонного депо.



Футбол заслуженно считается самой популярной спортивной игрой на планете, и среди железнодорожников есть немало его поклонников. Так и в этот раз, каждый матч был серьезным – соперники ни в чем не уступали друг другу. Тем более, что и стимул был мощнейшим – победитель получал не только грамоты и дипломы – он еще и становился сильнейшим по узлу Экибастуз.

Поэтому, несмотря на прохладный день, на поле было по-настоящему жарко. В ходе встречи бескомпромиссные баталии, вдоль бровки бежали взволнованные тренеры, а трибуны то и дело взрывались овациями.

На протяжении всего игрового дня одни команды уходили с улыбками на лице одержанной победы, при этом зорко наблюдая за теми, с кем им скоро придется встретиться на поле. Другие – занимали места зрителей.

Впрочем, никто не расстраивался – каждый из

них получил все что хотел: увлекательную игру и, конечно, опыт, который они обязательно применят в других футбольных баталиях.

По итогам турнира первое место заняла команда ВЧД (1), на второй строчке расположились игроки ТЧЭ-19 и замкнули тройку победителей футболисты ШЧ-25.

Кроме того, были названы и лучшие игроки турнира. Звание лучшего вратаря получил осмотрщик вагонов ВЧД-16 Бекзат Егеубаев, защитника – машинист теплового ТЧЭ-19 Марлен Мусин. А вот лучшим нападающим и бомбардиром турнира стали электромеханик ШЧ-25 Диас Смағұлов и осмотрщик вагонов ВЧД-16 Маргулан Бекоев.

Всем призерам турнира по мини-футболу были вручены грамоты и медали, а чемпионом – памятный кубок и ценные призы.

Айлин БАУРЖАН
Фото автора

Яркими и захватывающими стали соревнования по мини-футболу среди команд Алматинского отделения грузовых перевозок. Первенство было приурочено к предстоящему празднованию Дня работников транспорта при поддержке профсоюза.



ЖАРКИЕ БАТАЛИИ

Даже 40-градусная жара не стала помехой для соревнований, все участники продемонстрировали прекрасную скорость и сноровку. А поболеть за свою любимую команду пришли родственники, друзья и коллеги. В этот раз спортсменам был предоставлен стадион в микрорайоне Кулагер. В соревнованиях приняли участие 12 команд. Технику ударов и темп игры можно было наблюдать с первых минут. К примеру, особый интерес вызвала игра футболистов Матайского эксплуатационного локомотивного депо и сборной начальников станций отделения.

Интригующими и увлекательными получились финальные встречи. До последней минуты участники играли на одном дыхании. Обыграв соперников, команда Матайского эксплуатационного локомотивного депо заняла первое место. На второй позиции расположились спортсмены Алматинского эксплуатационного локомотивного депо, третье – досталось команде станции Алтынколь. Лучшим вратарем признан Санжар Смағали из Матайского эксплуатационного локомотивного депо, лучшими нападающими – Мажит Тырнак-

баев (станция Талдыкорган), Алла-Азра Пазылханова (станция Алтынколь).

– Вот такие товарищеские встречи развивают корпоративный дух, дисциплинируют и очень помогают в работе. Соревнования прошли на высоком уровне, где буквально все команды отличились, – комментирует председатель профсоюзного комитета Алматинского отделения грузовых перевозок Талгат Карабалаев.

Всем участникам были вручены грамоты, кубки, подарки, а призерам – денежные призы.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы
Фото автора

ДЕЛУ – ВРЕМЯ, ПОТЕХЕ – ЧАС

В Уральском эксплуатационном вагонном депо умеют хорошо поработать и активно отдохнуть. Профсоюзный комитет организовал для работников депо отдых с небольшим застольем.

В «красном уголке» прошли соревнования по гиревому спорту, армрестлингу и дартсу. В результате упорной борьбы первое место по гиревому спорту занял мастер ОПТО Бейбол Длмуханов, второе – мастер ОПТО Асылбек Сейткалиев и третье – начальник поверочной лаборатории Канат Кадыркулов. В армрестлинге лучшим признан Бейбол Длмуханов, на втором месте оказался Асылбек Сейткалиев и



третье занял слесарь подвижного состава Сапар Бекетов. В дартсе среди мужчин равных

не было Асылбеку Сейткалиеву, вторым по результатам стал Канат Кадыркулов и третье место занял старший мастер вагонного депо Махамбет Альменев, он же председатель профсоюзной первички. Среди женщин первое место заняла инженер-электронщик Ажар Мухамеджанова, второе – ведущий инженер-экономист Айжан Ахметжанова и третье – инженер-экономист первой категории Айгерим Шукурова.

Все призы получили дипломы и подарки. Активисты-общественники накрыли дастархан, за которым и прошло дальнейшее общение членов дружного коллектива ВЧД-3.

Яна ЛЕНИНА, Уральск
Фото автора



КАЗАХСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ



КАЗКОЛКӘСП

Бас редактор
Дина Муздубаева
Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Астана, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылмның таралымы 11 340

Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол»

автомобиль, аяу және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Р. Рахметов, С. Бакесова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Колдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Надірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Жамбыл: Ерман Әбдиев 8-777-682-70-73
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61
Ақтөбе: Ардақ Ерубая 8-702-843-27-97
Шымкент: Сабира Байзахова 8-702-509-00-43

Редакцияның мекен-жайы:
Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың
30 шілдесінде №601 тіркеу күші берілді.